

**Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің ономастикалық жұмыс бөлімі туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Ономастикалық жұмыс бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Ономастикалық жұмыс бөлімі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Ономастикалық жұмыс бөлімінің құрылымын, штат санын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның уәкілетті лауазымды адамы бекітеді.

4. Ономастикалық жұмыс бөлімінің құрылымындағы штат санына сәйкес 3 мемлекеттік қызметшіден тұрады:

- 1) бөлім басшысы;
- 2) бас маман;
- 3) бас маман.

2. Ономастикалық жұмыс бөлімінің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

5. Міндеті:

1) Өңірде Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруға атсалысу, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жарнама туралы», «Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы», «Қазақстан Республикасының жергілікті өзін өзі басқару және мемлекеттік басқару туралы» Заңдарын, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидалары туралы» 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысын, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысын, «Облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы» 2013 жылғы 24

сәуірдегі №396 қаулысын, «Мемлекеттік органдардың атауы жазылған маңдайшаларды дайындау және оларды әкімшілік ғимараттарда орналастыру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1371 қаулысын, Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 24 маусымдағы №192 қаулысы мен облыс әкімдігінің іс-шаралар жоспарларының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

Функциялары:

1) облыста тілдерді қолдану мен дамытудың әр кезеңдерге арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеуге қатысу, олардың орындалуына ықпал етеді;

2) облыстағы ономастикалық жұмыстарға жетекшілік жасау, облыс әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының қызметін қамтамасыз ету, ономастикалық нысандардың, елді мекендердің атауларын ретке келтіру жөнінде түскен материалдарды сараптау, комиссия отырысына әзірлейді;

3) аудандар мен Тараз қаласындағы көше аттарының өзгертілуіне талдау мен сараптамалар жасап отыру, бұл орайда жергілікті тұрғындардың ұсыныстары мен географиялық, тарихи-мәдени және саяси-құқықтық маңыздылықтардың жете ескерілуін қадағалап отырады;

4) аудандар мен Тараз қаласындағы көше, нысан, елді мекен атауларын өзгерту немесе қайта атау барысындағы құжаттардың нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестендіру үшін түгендеу жұмыстарын жүргізеді;

6. Міндеті:

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 18 және 21-баптары талаптарының аймақтағы барлық мемлекеттік емес ұйымдарда мүлтіксіз сақталуына ықпал жасау;

Функциялары:

1) өңірдегі көрнекі ақпараттың жайын сараптап, талдап отырады, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жарнама туралы» Заңдарының орындалуын қадағалайды;

2) облыс және аудан орталықтарындағы, басқа елді мекендердегі, сондай-ақ автомагистральдар бойындағы сыртқы көрнекі ақпараттың жайын сараптап, талдап отыру, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жарнама туралы» Заңдарының орындалуын қадағалайды;

3) облыстағы сыртқы көрнекі ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдегі мәтінің сауаттылығын зерделейді;

4) облыстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, кәсіпорындардың ішкі көрнекі ақпараттың жайын сараптап, Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарының орындалуын қадағалайды;

5) облыстың жекеменшік және өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірілген тауарлардың жарнама мәтіндеріндегі, заттаңбадағы ақпараттардың «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңына сәйкестігін зерделеу және әдістемелік көмек көрсету, түсінік беру жұмысын жүргізеді;

6) мемлекеттік тілдегі жарнамалар мен көрнекі ақпараттар мәтіндерінің тіл туралы заңнамаларға сәйкестігін бақылау мақсатында аудандар мен Тараз

қаласында рейд ұйымдастырады және «Көрнекі ақпарат» облыстық байқауын өткізеді;

7. Міндеті:

Республикалық, облыстық іс-шараларды ұйымдасқан түрде өткізілуін қамтамасыз ету;

Функциялары:

- 1) жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында ономастика, көрнекі ақпарат мәселелері бойынша арнайы хабарлар беруді ұйымдастырады;
- 2) әрбір нақтыланған функциялар бойынша конференциялар, семинар-кеңестер, «дөңгелек үстел» отырыстарын өткізу;

8. Міндеті:

Қоғамдық көліктердегі көрнекі ақпараттарды біріздендіру және «Тіл туралы» заңдылықтарға сәйкестендіру, көрнекі ақпараттардағы мемлекеттік тілдегі мәтіннің сауаттылығын, аяладама атауларының дұрыс хабарлануын зерделеу, талдау, сараптау;

Функциялары:

- 1) көлік және байланыс, сауда, денсаулық сақтау мен тұрмыстық қызмет көрсету, анықтамалық-ақпараттық қызмет салаларында көрнекі ақпараттардағы мемлекеттік тілдің қолданылауын қамтамасыз етеді;
- 2) бөлімнің құзіретіне жататын мәселелер бойынша кеңес беріп, түсінік жұмыстарын жүргізеді, әдістемелік көмек көрсетеді;
- 3) заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9. Құқықтары мен міндеттері:

1) Бөлім өз құзіретіне сәйкес басқарма бастығының бұйрықтарын орындауға;

- басқарманың жартыжылдық және жылдық жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізуге;

- тіл саясатын жүзеге асыруға байланысты әзірленетін жұмыс жоспарларына, шаралар жоспарына ұсыныс жобасын әзірлеп енгізуге;

2) Өз құзіретіне сәйкес, облыстық, аудандық мекемелер мен ұйымдарда, кәсіпорындарда, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан басқа да мекемелер мен ұйымдарда, кәсіпорындарда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының орындалуына бақылау жасауға, және бұл бағыттағы жұмысты зерделеуге;

3) Аудандар мен Тараз қалалық әкімдіктерінен, облыстық басқармалар мен комитеттерден, департаменттерден, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдардан «Тіл туралы» Заң талаптарының орындалуына байланысты өз функцияларына жататын мәселелер бойынша ақпараттар, мәліметтер, басқа да құжаттар сұратуға және алуға;

4) Тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастыруға құқылы.

3. Басқарманың ономастикалық жұмыс бөлімінің қызметін ұйымдастыру

7. Мемлекеттік және ұлттық тілдерді дамыту бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерді иеленеді.

8. Мемлекеттік және ұлттық тілдерді дамыту бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын басшы басқарады.

9. Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыс бөлімінің басшысы құрылымдық бөлімнің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және мемлекеттік органның құрылымдық бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады.

10. Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыс бөлімінің басшысы мемлекеттік органның басшысына құрылымдық бөлімнің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді.

11. Бөлім басшысы осы мақсатта:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және Президентінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыс бөлімінің басшысы:

1) өз өкілеттіктері шеңберінде құрылымдық бөлімнің қызметін үйлестіреді;

2) Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ономастикалық жұмыс бөлімінің басшысы құрылымдық бөлімге жалпы басшылықты жүзеге асырады және құрылымдық бөлімге жүктелген міндеттерді орындауға және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

3) мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшылығы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Ономастикалық жұмыс бөлімі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға құрылымдық бөлімшенің басшысы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын адам қол қояды.